

## ҚИЫСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

*Сабира Мұхтар қызы Тажикүлова*

*Шыршық мемлекеттік педагогика университеті*

*Гуманитар пәндер факультеті*

*Қазақ тілі және әдебиеті бағытының студенті*

*Ғылыми жетекші: Гүлжан Азизбековна Анарбекова*

**Аннотация:** Бір сөздің қайталануы арқылы қиыса байланысқан сөз тіркестері негізінде бастауыш пен баяндауыш арасында болады. Олар қолданылу ерекшелігіне қарай әр түрлі жақтарда және дара, көпше түрде бола береді.

**Кілтті сөздер:** тәуелді формада, көмекші етістіктер, бастауыш сияқты тұлға.

**Annotation:** It is between the narrator and the narrator on the basis of cross-linked phrases through the repetition of the same word. Depending on the specifics of their use, they can be singular or plural in different ways.

**Key words:** dependent form, auxiliary verbs, primary person.

Әсіресе мұндай кезде олардың қай сөз таптарынан болу жағы ерекше қызмет атқарады. Біз олардың қай сөз таптарынан болуына қарай былай топ көрсетеміз.

1. Зат есім мен зат есім арқылы: Қиыса байланысқан зат есімді сөз тіркестерінің бастауышы көбіне нольдік, тәуелдік формадағы зат есімдер болады.

а) Бастауышы нольдік формада келуі: Тегі *Енесей Енесей* ғана бола алса керек (Ғ.Мүсірепов). Малсыз *күй күй* болмайды. (М.Қамбаров). Бәйгесіз *той той* ма? (М.Қаназов). Жақсы жерге түскен *келін келін*, жаман жерге түскен *келін келсап* дейді ғой қазақ («Қазақ әдебиеті»).

ә) Бастауышы тәуелді формада келуі: қарғыс атқан *басы да бас емес, қолы да қол емес* (Ә.Нүрпейісов). Әйтпесе, жаңағы «Королева Маргоны» саудалап жүрген адамдардың *ісі іс* пе? (Жұлдыз). -Не айтайын, шырағым, не айтайын... - дегеннен басқа Күнше де еш нәрсе айта алмады. *Уәдеміз -уәде* (Ғ.Мүсірепов).

б) Кейде бастауышы көмекші сөздердің қосарлануы арқылы келе береді. Мысалы: *Күнә, екені күнә*, бірақ қылмыс емес (Д.Досжанов).

Бір сөздің қайталануы арқылы жасалған сөз тіркестерінің баяндауыштары да тек сол сөздер болуы тиіс. Бірақ баяндауыш болатын ондай сөздер тек бастауыш сияқты тұлғада береді, кейде бастауыш жеке-дара болғанымен сол сөздің қайталану арқылы жасалған баяндауыш таза күйінде немесе ондай сөздерге түрлі көмекші етістіктердің де тіркесі арқылы келе береді. Оны

жоғарыдағы мысалдардың баяндауыштары дәлелді түрде көрсетсе керек.

2. Сын есім мен сын есімнің тіркесі. а) *Тәуірі-тәуір* (М.Қаназов). *Қызылы-қызыл, жасылы-жасыл болып* кесіліп жатыр (Д.Досданов). *Бетінің қызыл күреңденгені қызыл күреңденген бе?* (Қазақ әдебиеті).

3. Есімдік пен есімдік тіркесі. *Өзгесі өзге еді*, бүгінгі қылығын не деп дәріптейді (М.Сқақаов). *Басқасы басқа*, ал, Әбекенді ойландырған қатаң сөгіс те емес, ақшаның табылуы да емес, тіпті басқа нәрсе, сол сейфке ақшаның баруы еді. («Беласқан»).

*Менікі де менікі.*

*Сенікі де менікі* («Маржан сөз»). *Сол сол-ақ екен*. Темір әскерінің ұғын шеті қиқуласып, аш қасқырша ілгері ұмтылысты (М.Сқақаов). Әй, *ол ол ма*, сен Тайлақбайдың не істеп жүргенін естісеңші («Қазақ әдебиеті»).

4. Етістік пен етістіктің тіркесі. *Мынау көргені - көрген емес* (М.Әуезов). *Жоқ*, оны жасамайды. Осы *тоқтағаны тоқтаған* («Жұлдыз»). *Көзден бұлбұл ұшқаны ұшқаны — аң шығар* (М.Қаназов). — *Айтқаны айтқан* (Ж.Молдағалиев).

5. Үстеу мен үстеудің тіркесі. *Бұрынғысы бұрынғы ма*, қазіргіңе жол болсын (Беласқан). *Жұрт бұрынғы бұрынғы ма*, енді Жаулыбай Ақсынды менсінбей тастап кетіпті деп, Түрлі қауесеттер бықсытты («Жұлдыз»).

6. «*Бар, жоқ*» сөздерінің өзара тіркесі.

*Бары бар, жоғы жоқ, қойын алар бөрі жоқ*. (Маржан сөзі). *Бары бар-ау*, бірақ менікі елде, күнде жоқ неме...- деп қыбыжықтай берген суыр Құсайын шынын айтты (С.Жүнісов).

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1, А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы – қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. -Алматы: Ана тілі, 1992. 154-300бет.
2. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғалым: 1999. 152- 390 бет.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.
4. Қордабаев Т.Р. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. Алматы, 1966, 13-6.